

Ақтөбе қалалық білім бөлімі
Қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы
«Димаш» мектепкедейінгі ұйымы

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
2019 жылғы « »
№ бұйрығымен бекітілді.

Бағдарлама
«Атадан қалған асыл мұра»
Мектепалды даярлық тобы

Тақырыптық жылдық жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Амандасу салты	Балаларды амандасу рәсімімен таныстыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу, бауырмалдыққа кішіпейілдікке баулу, кісіге құрмет көрсету.	1
2	Амандасу түрлері	Балаларға амандасу түрлері туралы түсінік беру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Әдепті болуға тәрбиелеу.	1
3	Қазақ халқының салт-дәстүрлері	Халқымыздың салт-дәстүрлерімен таныстыру. Дәстүрімізді дәріптеп, жоғалтып алмауға тәрбиелеу.	1
4	Қазақтың әдеп-ғұрыптары.	Қазақ халқының әдеп-ғұрыптары туралы түсінік беру. Дана халқымыздың әдеп-ғұрыпын сақтауға, ұстануға тәрбиелеу.	1
5	Наным-сенімдер, тыйым сөздер.	Ата-бабаларымыздың наным-сенімдері, тыйым сөздері туралы түсінік беру. Ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту.	1
6	Әдепті сөздер	Балаларды қазақ халқының ежелден келе жатқан әдепті сөздерімен таныстыру. «Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала» мақалының мағынасын ашып түсіндіру.	1
7	Жиын-тойлар, олардың түрлері	Балаларды қазақтың тойлары туралы түсініктерін кеңейтіп, оның түрлерімен таныстыру. Бұрынғы ата-бабаларымыз кішкентай қуанышын айналасымен бөліскені туралы мағлұмат беру.	1
8	«Тойға шашу»	Тойға шашу туралы балаларға түсінік беру. Ой – өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту.	1
9	«Тойдан сарқыт»	Тойдан сарқыт тіркесі туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайту, әрдайым жомарт болуға, қонақжайлыққа, мырзалыққа тәрбиелеу.	1

10	Шілдеhana.	Балалардың салт-дәстүрдің бірі – шілдеhana тойы туралы түсінік беру. Бөбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.	1
11	Шілдеhana жыры	Шілдеhana жыры туралы түсінік беріп, үзіндісін үйрету. Мағынасын түсіндіріп, ойын арқылы көрсету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	1
12	Бесік-тәрбие бастауы	Балаларға бесік туралы түсінік беру, неден жасалғанын, неге қолайлы болған, бесіктің жабдықтарымен таныстыру. Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу	1
13	Бесік жырлары	Баланың есту қабілетін дамыту, ән-әуенге әсенлендіру, бесік жыры арқылы ананың балаға деген махаббатын жеткізу және сүйіспеншілігіне арттыру.	1
14	Балаға ат қою рәсімі	Балаларға халықтың ұлттық ерекшеліктерімен, таным түсініктерін, ой-армандарын білдіру, балаға мағына бойынша ат қоя білу.	1
15	Тұсау кесу	Бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүрмен таныстыру. Осы рәсім туралы ырымдарды айтып жеткізе білу, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
16	Атка мінгізу тойы	Ұл баланы имандылыққа тәрбие арқылы азамат болуға тәрбиелеу, еңбекке баулу арқылы азамат болғанын таныту, балаға үлкен ой тугызу, тез есеюіне ықпал ету.	1
17	Қонақ күту дәстүрі	Балалардың бойына ұлттық адамгершілік қасиеттерін енгізу. Қонақжайлылық дәстүрін балаларға меңгерту, қонақ болу әрекеттерін ойын арқылы жеткізу. Қонақты күте білуге тәрбиелеу.	1

18	Қонақ түрлері	Балаларға үйге келген қонақтың да әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Ой-өрісін кеңейту. Қандай қонақ болмасын сый-құрмет көрсетуге тәрбиелеу.	1
19	«Ойлайық та, ойнайық!»	Салт-дәстүрлерді викториналық ойын арқылы өткізу. Ойын арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1
20	Ұлттық ойындар	Балалардың ой-өрісін ұлттық ойындар арқылы кеңейту, қиялын қанағаттандыру, ана тіліміздің байлығын меңгерту. Балаларды шымырлыққа, икемділікке тәрбиелеу.	1
21	Демалыс ойындар	Демалыс ойындар туралы түсіндіру. «Айгөлек», «Сақина тастамақ», «Түйілген орамал», «Тақия тастамақ», «Алтыбақан» ойындарын ойнай отырып, есте сақтауға қалыптастыру. Достыққа тәрбиелеу.	1
22	Ат үстіндегі ойындар	«Көкпар», «Ат жарыс», «Қыз куу», «Байге», «Аударыспақ», «Жамбы алу» ат үстіндегі ойындарды ажырату, есте сақтау. Шапшаңдылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.	1
23	Ашық алақайдағы ойындар	«Хан талапай», «Омпы», «Бестас», «Алшы», «Тоғызқұмалақ» ойындарын атай отырып, сөз қорларын дамыту. Тапқырлыққа, достыққа тәрбиелеу.	1
24	Қарсыласу мен күрес ойындар	«Күш сынасу», «Қазақша күрес», «Арқан тартыс» ойындарын ойнай отырып, басқа ұлттық ойындардан ажырату. Ойнай отырып батырлыққа, күштілікке тәрбиелеу.	1
25	«Шебер қолдар»	Балалардың ой-өрісін, ұлттық дүниетанымын дидактикалық ойындар арқылы кеңейту. Әсемдікті сезіне білуге, икемділікке тәрбиелеу.	1
26	Мақал-мәтелдер	Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру. Мақал-мәтелдерді айта отырып, сөз байлықтарын дамыту. Тапқырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	1

27	Жаңылтпаш	Жаңылтпашты тез, шатаспай айтуға балаларды жаттықтыруды жалғастыру. Сөз қорларын байыту. Жаңылтпаштарды жатқа айтуға балаларды қалыптастыру.	1
28	Өтірік өлеңдер	Өтірік өлеңдер туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілетін ұштау, байқампаздығын дамыту.	1
29	Төрт-түлікке байланысты жырлар	Балаларды төрт түлік жануарларымен таныстыру. Төрт түлік туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	1
30	Табиғатқа арналған жырлар	Балаларды табиғат пен оның құбылыстары туралы білімдерін бекіте отырып, табиғат жырларымен таныстыру.	1
31	Жұмбақтар	Өртүрлі жұмбақтарды шешу арқылы, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа тәрбиелеу.	1
32	Аңыз әңгімелер	Балаларға аңыз әңгімелер туралы түсінік беру. Есте сақтау, ойлау, естеріне түсіру қабілеттерін дамыту.	1
33	Шешендік сөздер	Балаларға бұрынғы сөзге шешен адамдардың ойлы сөздері туралы түсінік беру.	1
34	Қазақ ертегілер және оның түрлері	Балаларға қазақ ертегілері туралы түсінік беру. Олардың түрлерімен таныстыру. Есте сақтау, ойлау, естеріне түсіру қабілеттерін дамыту.	1
35	«Сақина» шыншыл ертегісі	Балаларды жаңа ертегімен таныстыру. Есте сақтау, ойлау, естеріне түсіру қабілеттерін дамыту.	1
36	«Үш қыз» тұрмыс-салт ертегісі	Балаларды жаңа ертегімен таныстыру. Есте сақтау, ойлау, естеріне түсіру қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа, елгезектікке тәрбиелеу.	1